



**ШЕШІМ**

11.12.2024

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**  
251/32-VIII

№

город Астана

**«Астана қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 418/54-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 418/54-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1244 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің 1-тармағының бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы және (немесе) Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске қосылған тұрғын үй бағдарламасы («Наурыз» тұрғын үй бағдарламасы) шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне сатып алу құқығын іске асыруы үшін Астана қаласында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайға немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайға мұқтаж адамдар есебінде тұратын азаматтардың мына санаттарына 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге мөлшерінде тұрғын үй сертификаттары айқындалсын:»;

жоғарыда көрсетілген шешімнің 1-тармағы 4) тармақшасының бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

«4) мынадай халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына:».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов